

Жарнамалық мәтіннің психографиясы

Жарнама мәтінінің психографиясы графикалық дизайнның тұтынушының жарнамалық хабарламаны қабылдауына қалай әсер ететінін көрсетеді. Жарнамалық мәтін тек ақпараттық қана емес, сонымен қатар дұрыс құрылған және дизайны көрнекі әрі тартымды болуы керек. Негізгі принциптерге мыналар жатады:

- жарнама мәтіні анық көрінуі, оқылуы үшін баннер бетінде жазу қаріптері қысылмай, еркін орналасуы керек;

- жарнама мәтіні абзацтар, тақырыпаттар және қаріп таңдаулары арқылы назар аударуы керек;

- жарнама мәтіннің ұзыннан-ұзақ болып келген бөліктері тұтынушыға нашар қабылданады және оқырманның назарына ілінбейді;

- жарнама мәтінінің қаріптері оқуға ыңғайлы болуы керек, жазудағы қалыптасқан қаріптерден кіші емес, тіпті одан үлкендеу болғаны дұрыс;

- жарнама мәтінін бірыңғай бас әріптермен жазғаннан гөрі, бас әріп және кіші әріптерді аралас қолдану жақсы оқылады;

- жарнама мәтініндегі қалың бояулы (жирный) қаріптер тауардың қомақтылығы мен тауарға деген сенімділікті, ал керісінше, нәзік (не жирный) қаріптер талғам мен дәлдік сезімін туғызады;

- жарнама мәтініндегі ой сабақтастығы мен жалпы стилін сақтау үшін үш түрлі қаріптен артық қолданбау маңызды;

- жарнама мәтінінде түстердің үйлесімі де маңызды рөл атқарады: сары фонда қара әріптер, ақ түсте жасыл және қызыл әріптер жақсы көрінеді.

- жарнама дизайны негізгі ақпаратты қабылдауға ықпал етуі керек.

Психография жарнамалық хабарламаны дұрыс рәсімдеуге назар аударады, оның ішінде кадрларды, симметриялы және асимметриялық пішіндерді, сондай-ақ жарнама мәтініндегі жазудың визуалды берілуін қарастырады.

Жарнама иллюстрациясы (фотография, видео)

Жарнамадағы иллюстрациялар визуалды, мультимедиалық жарнамалар үшін маңызды рөл атқарады, тұтынушының назарын мәтіннен бұрын аударады. Иллюстрацияларға қойылатын негізгі талаптар:

- жарнамалық иллюстрациялар тұтынушының жарнамаланған өнімге деген қызығушылығын тудыруы керек;

- иллюстрациялар тауардың қолданған кездегі немесе оны пайдалану нәтижесін көрсету арқылы артықшылығын көрсетуі керек;

- жарнамалық мәтіндерде фотографияларға үлкен мән берілу керек, өйткені олар жарнама эффектісін арттырып, өнім туралы шынайы ақпарат береді, тұтынушы сенімін тудырады;

- иллюстрация жарнамалық хабарлама мазмұнын түсінуге кедергі келтірмеуі керек;

- жарнамада бірнеше кішкентай фотографияны қолданғаннан гөрі, бір үлкен иллюстрацияны қолдану ұсынылады, үлкен фотография бірнеше кішкентай фотографияға қарағанда жақсы назар аударады;

- фотографиялар суреттерге қарағанда тиімдірек, өйткені олар шындыққа көбірек сәйкес келеді және аудиторияның сенімін арттырады.